

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

білімін жетілдіруде бірден – бір маңызды тәрбие құралы екендігін көреміз. Сыныптан тыс жұмыстарды дұрыс ұйымдастырған жағдайда оқушылар бойында ұйымдастырушылық, белсенділік дамиды. Бағалы моральдық қасиеттер қалыптасады. Сыныптан тыс оқытуды жүйелі түрде ұйымдастыру, адам тәрбиесіне айтарлықтай үлес қоса алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қалиұлы Серғазы. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы, 2003.
2. Сабилов Т. С. Болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығын жетілдіру. – Алматы, 1999.
3. Кәрімбаев Нұрсұлтан Жастарға жол нұсқайтын кітап // – Егеменді Қазақстан. 2007. 26 .01
4. Наурызбаев Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. – Алматы. 1996.
5. Қоқымбаева Т. Мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие берудегі халық педагогикасының маңызы. - Мектептегі психология. 2007 №1.
6. Жарықбаев Қ. Б., Қазақтың тәлім – тәрбиелік ой – пікір антологиясы. – Алматы, 1998.

ӘОЖ 37

ҒЫЛЫМИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Альдекенова Анар Толыбаевна

anara_55@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Жаратылыстану ғылымдары факультеті, Физикалық және экономикалық география кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Е.Аяпбекова

Функционалдық сауаттылық - адамдардың мәдени, саяси, әлеуметтік және экономикалық саладағы қызметтерге араласа алуы, бұл жаһандану дәуіріндегі өзгерістерге бейімделіп, ілесе алуымен және адам үздіксіз білім алып, өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыруымен түсіндіріледі.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз - бұл адамның өмірдегі түрлі жағдайларда өзінің білімін, дағдыларын және құзыреттерін тиімді қолдана алатын деңгейін анықтайтын түсінік. Бұл термин көбінесе оқу, жазу, санау және ақпаратты анықтау, талдау және қолдану қабілеттеріне қатысты қолданылады.

Функционалдық сауаттылық мыналарды қамтиды:

Оқу және түсіну – бұл тек сөздерді оқу және айту емес, сонымен қатар мәтіннің мазмұнын түсіну және оны өмірдің нақты жағдайларына қолдану.

Жазу – қажетті ситуацияға сай жазбаша хабарлама құра алуы (мысалы, жеке хат жазу, ресми құжаттарды толтыру).

Есептеу – негізгі математикалық дағдылар, ақша есептеу, өлшемдерді айырбастау, пайыздармен жұмыс істеу және бюджетті жоспарлау қабілеттері.

Ақпаратты қолдану – ақпаратты беделді көздерден іздеу, жинау, талдау және оған сүйеніп шешім қабылдау үшін пайдалану [1].

"Сауаттылық" ұғымы - бұл негізінен адамның оқу-жазу қабілетіне қатысты термин. Әдетте, сауатты адам деп оқи алатын, жаза алатын және өз ойын жазбаша жеткізе алатын адамды айтады. Бұл ұғым алғашқы мектептік білімге және негізгі әліпбиді меңгеруге бағытталған. Аталған мәселе бойынша ғылыми әдебиеттерде «функционалдық сауаттылық»,

«функционалдық сауатты тұлға», «негізгі құзыреттер», «жалпыбілімдік біліктер» ұғымдарына кеңінен түсінік беріледі. «Функционалдық сауаттылық» термині 1957 жылы ЮНЕСКО аясында енгізілді. Бүгінгі таңда бұл ұғым «сауаттылық» және «минималды сауаттылық» ұғымдарымен қатар қолданысқа енгізілуде. Осы ретте әр ұғымға түсінік бере кетейік:

1. Сауаттылық – оқу мен жазуды білу, осы қабілеттерді өмір сүру үшін қолдана алу;

2. Минималды сауаттылық – қарапайым мәтінді оқи алу және жаза алу дағдылары.

Мұндай минималды сауаттылықтың маңызы сонда, бұл кішігірім білім мен дағдылар жеткілікті білім қоры болып табылады және күнделікті жағдайлармен күресу үшін қажетті негіз береді. Әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан, минималды сауаттылық деңгейін ұстап тұру халықтың әл-ауқатын, өзін-өзі басқару қабілетін жақсартуға және жалпы қоғамдық дамудың басқа индикаторларын жоғарылатуға өз үлесін қоса алады;

3. Функционалдық сауаттылық - жоғары дәрежедегі оқу-жазу дағдыларын иелену, мәтіндер мен құжаттарды түсіну және талдау, ақпаратты сауатты түрде қолдана білу. Бұл деңгейде сауатты адам мәтіннен қажетті ақпараттарды бөліп ала алу үшін, сонымен қатар берілген ақпаратты айналасындағылармен бөлісе алуына қажетті болатын дағдылар қалыптасады.

Қазақстан Республикасында функционалды сауаттылықты арттыру білім беру жүйесінде және қоғамдық дамуда маңызды басымдық болып табылады. Функционалдық сауаттылық - бұл тек оқу және жазу ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде және оқу ортасында тиімді пайдалануға болатын түрлі біліктіліктердің жиынтығы. Қазақстан өсіп келе жатқан экономикасы мен қоғамдық өзгерістеріне байланысты халықтың функционалды сауаттылығын жақсартуға күш салуда. Мұндағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, рухани және дене тұрғысынан дамыған тұлға қалыптастыру. Мақсатқа қол жеткізу барысында келесі салалар негізге алынады:

- белсенділік;
- сыни тұрғыдай ойлау;
- өздігінен мәселені анықтап, шешімін табу;
- мамандығын таңдай білу;
- үздіксіз білім алу қабілетінің болуы [2].

Функционалдық сауаттылық адамға қоғамда табысты әрекет етуге, өзінің кәсіби және жеке өмірінде табысты болуға, сондай-ақ, тұрақты үйрену үшін берік негіз қалыптастыруға мүмкіндік береді. Функционалдық сауаттылықтың жоғары деңгейі азаматтық қатысуға, экономикалық дамуға және әлеуметтік интеграцияға оң ықпал етеді. Тұлғаның өзін қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсіп, қалыптасқан ортаға жылдам бейімделу қабілетінің көрсеткіші оның функционалдық сауаттылығының деңгейімен анықталады. Яғни, функционалдық сауаттылық адамның өзіне тән мәдени ортада өмір сүруі мен оның әлеуметтік қатынас жасауына ықпал ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Бұл түсінікті кең ауқымда қарастыратын болсақ, бұл білім, білік, дағдылардың жиынтығы ғана емес, ұлттың, жекелеген тұлғалардың мәдени және әлеуметтік даму деңгейінің өлшемі ретінде де қарастырылады. Қорыта айтқанда, функционалдық сауаттылық жеке тұлғаны дамытудың негізгі тетігі болып табылады [3].

Педагогика ғылымында функционалдық сауаттылық әдетте, адамдардың оқыту мәселелерімен байланысты олардың қолданбалы дағдылары және ақпаратты пайдалану қабілеттері ретінде қарастырылады. Бұл дағдылар оқушылардың негізгі білім беру талаптарына сәйкес келетін өмірлік дағдыларын қамтиды. Педагогикалық контексте функционалдық сауаттылықтың анықтамасы мынадай элементтерді қамтуы мүмкін:

✓ Оқу дағдылары. Оқушылар мәтінді оқу және есте сақтау ғана емес, сонымен бірге мазмұнын түсініп, негізгі идеяларын анықтауға және пайдалануға қабілетті болу керек.

✓ Коммуникативтік дағдылар. Тиімді байланыс орнату, ойлар мен идеяларды анық жеткізу және басқалардың көз-қарастарын түсіну.

✓ Сыни ойлау қабілеті. Сыни ойлау - бұл берілген ақпаратты жан-жақты талқылау, дәлелдерді саралау және шешім қабылдау процестерінде ақпаратты пайдалану.

✓ Мәліметтермен жұмыс істеу қабілеті. Графикалық, статистикалық және сандық ақпаратты оқып түсіну және талдау.

✓ Өмірлік дағдылар. Өз білімдері мен іскерліктерін күнделікті әлеуметтік және жұмыс ортасында қолдана білу.

Функционалдық сауаттылық анықтамасы тек академиялық контекстке ғана емес, сонымен қатар кәсіби даму мен өмір бойы оқуға да дайын болуға үйретуде маңызды. Оқушының тұтас дамуына назар аудару, олардың өнімді және құнды қоғам мүшелері ретінде өсуіне бағытталған жалпы білім берудің нығайтуына көмектеседі [4].

Функционалдық сауаттылық мәселесін білім беру философиясы аясында С.А.Крупник, В.В.Мацкевич, Б.С.Гершунский; үздіксіз білім беру аспектісі негізінде М.В.Рыжаков, И.А.Колесникова, С.А.Тангян, А.Е.Әбілқасымова, Е.А.Седова; құзыреттілік негізінде О.Е.Лебедев, А.В.Хуторской зерттеген [3].

Р.Л. Перченоч (Рафаэль Львович Перченоч) - атақты орыс тіл маманы және білім беру саласындағы маман. Ол осы ұғымның өзіндік тұжырымдамасын жасай отырып, функционалдық сауаттылықты зерттеуге елеулі үлес қосты.

Р.Л. Перченоч идеялары бойынша, функционалдық сауаттылық белгілі бір қарым-қатынас жағдайында коммуникативті тапсырмаларды сәтті орындау қабілетімен байланысты. Ол функционалдық сауаттылықтың бірнеше негізгі компоненттерін анықтайды:

✓ Тілдік құзыреттілік: бұл тілді грамматика, сөздік және фонетика тұрғысынан білу.

✓ Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік: тілдік мінез-құлық пен қарым-қатынасқа әсер ететін мәдени нормалар мен құндылықтарды түсіну.

✓ Әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілік: әлеуметтік-мәдени контексттер мен нормаларды ескере отырып, тілдік деңгейде басқа адамдармен қарым-қатынас жасау қабілеті.

✓ Стратегиялық құзыреттілік: жағдайға және коммуникациялық мақсаттарға байланысты оңтайлы коммуникациялық стратегияларды таңдау қабілеті [5].

Н.Н. Сметанникованың пікірінше, функционалдық сауаттылық тілдік құрылымдарды білуді және оларды әртүрлі коммуникативті жағдайларда қолдана білуді ғана емес, сонымен қатар оқушылардың сөйлеуін әртүрлі коммуникативті жағдайларға бейімдеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Ғалымның тұжырымдамасында функционалдық сауаттылығы әртүрлі әлеуметтік-мәдени контексте тілде сәтті қарым-қатынас жасау үшін қажетті дағдылар мен білімдердің күрделі жиынтығы ретінде қарастырылады [3].

Функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөліктері:

✓ ережелерді, ақпаратты, принциптерді білу; күнделікті өмірдің түрлі салаларындағы қалыптасқан мәселелерді шешудің кognитивті негізі болып табылатын ұғымдар мен дағдыларды меңгеру;

✓ үнемі өзгеріске түсіп отыратын әлемге бейімделе алу қабілет; туындаған мәселелердің себебін анықтап, шешімін табу, ақпараттарға талдау жасау, өмір қауіпсіздік ережелерін қалыптастырып, күнделікте өмірде қолдана алу іскерлігі;

✓ жаһандану әлеміндегі құндылықтар мен нормаларды саралай алу; өзгермелі әлемге бейімделе отырып, үздіксіз білім алу, білім деңгейін жетілдіру.

Функционалдық сауаттылық - бұл адамды дамытуға, жаңа технологияны меңгеруге, мәдени жетістіктер туралы жаңа білім алуға, кәсіби міндеттерін жүзеге асыруға, отбасылық өмірді ұйымдастыруға қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыратын білім берудің нәтижесі.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығы оның өзін қоршаған ортамен қарым-қатынас жасай алу қабілетімен, өзгермелі өмірге жылдам бейімделе алуымен, өзін-өзі дамыту, білім, білік, дағдыларының қалыптасуымен түсіндіріледі. Ол оқушылардың танымдық, ақпараттық, мәселелерді анықтап, шешімін табу құзыреттіліктерінің құрамдас бөліктерінен құралады. Оқушылардың функционалдық сауаттылық мазмұны төменде берілген құзыреттіліктерден тұрады:

✓ оқу, жазу сауаттылығынан;

✓ математикалық сауаттылығынан;

- ✓ жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан;
- ✓ денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан;
- ✓ құқықтық сауаттылығынан;
- ✓ компьютерлік сауаттылықтан [5].

Оқушылардың функционалдық сауаттылық базалық дағдысы берілген (сурет 1). Оқушының жазба мәтінді түсінуі, ақпаратты қайта құрылымдай білуі, мақсатына жетуі үшін тақырыпты өздігімен меңгеруге ұмтылуы, алған білімін шынайы өмірде қолдана алуы, туындаған мәселенің себебі мен салдарын анықтауы және оның шешімін таба білуі функционалдық сауаттылығының қалыптасқандығының айғағы болып табылады (кесте 1).



Сурет 1 Функционалдық сауаттылықтың базалық дағдысы

Кесте 1 Оқушылардың функционалдық сауаттылық түрлері және құзыреттіліктері

Сауаттылық мазмұны	Құзыреттіліктер
<i>Оқу сауаттылығы</i>	- мәтінді дұрыс, саналы, түсініп оқу; - мәтін бойынша сұрақтар қою және сұрақтарға жауап беру; - оқығанын өмірмен байланыстыру, өмірден мысалдар келтіру; - оқыған мәтіннің мазмұнына байланысты өз ой – пікірін білдіру, дәлелдеу
<i>Жазу сауаттылығы</i>	- дұрыс, таза, қатесіз жазу; - жазу барысында грамматикалық, синтаксистік және пунктуациялық нормалар мен ережелерді орынды қолдану, неліктен қолданғанын дәлелдей білу; - өз ойын толық, жан – жақты, жүйелі қағазға түсіре білу
<i>Математикалық сауаттылық</i>	- математиканың өмірдегі орнын түсіну, білу; - әр түрлі формада берілген сандық ақпаратты оқу, талдау; - есептерді шығарудың ыңғайлы тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру;

	- математикалық білімін өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдану
<i>Жаратылыстану – ғылыми сауаттылық</i>	- қоршаған әлемде және табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсіну, салыстыру, талдау, жіктеу, жүйелеу, жалпылау; - заттар мен құбылыстардың негізгі және жанама белгілерін ажырату; - алған білімін, қарапайым ғылыми зерттеу дағдыларын қолдану
<i>Компьютерлік сауаттылық</i>	- компьютерде ақпарат іздеу; - компьютерде жұмыс істеу; - компьютерде түрлі бағдарламалар жасау
<i>Ақпараттық сауаттылық</i>	- іздеп табу, іріктеу; - талдау, өңдеу, жалпылау; - тұжырымдау, есте сақтау, жағдаятқа қарай қолдану
<i>Коммуникативтік сауаттылық</i>	- өзіне қарата білу; - пікірталасқа қатыса білу, өз пікірін дәлелдей білу; - басқаны тындай және түсіну білу; - сұрақ қоя білу және нақты, толық жауап бере білу

Ескерту – кесте [2] дереккөзінен алынды

Функционалдық сауаттылықтың түрлеріне байланысты белгілі бір өлшемдер негізінде оқушылардың өмірге дайындығын, қоршаған ортаға бейімделу деңгейін бағалауға болады.

Жаратылыстану ғылыми сауаттылық - бұл адамдардың жаратылыстану ғылымдарының негізгі концепцияларын, терминдерін және құбылыстарын түсіну қабілетімен байланысты біліктілік. Ол әртүрлі пәндерді - биология, химия, физика, астрономия, геология және экология сияқты жаратылыстану ғылымдарының салаларының негіздерін меңгеруді қамтиды. Жаратылыстану ғылыми сауаттылықтың маңызды компоненттері қамтиды:

1. Ғылыми білім. Ғылыми фундаменталды ұғымдар және оқушылардың осы білімді жаңа жағдайларда пайдалану қабілеті.

2. Ғылыми дағдылар. Зерттеу, бақылау және эксперименттеу секілді ғылыми әдістерді қолдана алу дағдылары.

3. Ғылыми тәсіл. Сыни ойлау, логикалық дәлелдеу және деректерді бағалау, гипотезалар құру және оларды тексеру секілді ғылыми ойлау қабілеті.

4. Ғылымның әлеуметтік бекеті мен ғылыми білімнің қолданылуын, соның ішінде этика мен жауапкершілікті түсіну.

5. Ғылыми қабілеттер. Және де ғылыми нәтижелерді талқылау мен оларды күнделікті қызметтерде, сондай-ақ азаматтық және мәдени ұстанымдарда пайдалану [6].

Жаратылыстану ғылыми сауаттылықты дамытудың маңыздылығы ол нақты дүниені түсінуге, қоршаған ортамен байланысуға және негізделген шешімдер қабылдауға көмектеседі. Бұл ұғым адамдарға ғылыми ақпаратқа негізделген сауаттылықпен өмір сүруге, олардың қоғам мен экономикаға белсенді түрде қатысуға және тұрақты дамуды қолдауға мүмкіндік береді.

"Географиялық функционалдық сауаттылық" дегеніміз - бұл шақырып оқушылар мен ересектердің жер бетінің ландшафттарын, өзендерін, климатын, әлеуметтік және экономикалық құрылымдарын түсіну қабілеттерін білдіреді. Бұл білім және дағдылар жеке тұлғаның құрлықтарға, мұхиттарға, елдерге, мәдениеттерге құрметпен қарауға, сондай-ақ глобалды проблемаларды, мысалы климат өзгерісін, табиғи ресурстарды пайдалану және

халықаралық қатынастарды түсінуге қажет. География сабақтарында функционалдық сауаттылықтың концепциясы мынадай аспектілерді қамтиды: оқушылардың карталарды түсініп, навигация жасау қабілеті; жер шарының географиялық жіктелуін түсініп, әр түрлі региондар мен жерлердің өзара байланысын бағалау; табиғи ресурстар мен экожүйелердің маңызын және олардың адамдарға әсерін түсіну; әр түрлі елдердің саяси жүйелерінің және экономикасының қалай қызмет ететінін білу; климат өзгерісі, табиғи ресурстардың шектеулілігі және экологиялық проблемалар сынды әлемдік мәселелерді тану және қалай әрекет ету керек екенін білу; түрлі мәдениеттер мен елдер арасында коммуникация жасау үшін керекті білімдер алмасу мен түсіністікке жету.

Географиялық функционалдық сауаттылық адамдарға олардың жеке және кәсіби өмірінде, сондай-ақ қоғамдық және саяси қызметтерде пайдалы болады. Мысалы, ондай адамдар жергілікті қоғамдастықты немесе әлемдік деңгейде қоршаған ортаға қатысты мәселелерді анықтауға және шешуге көмектеседі. Ол келесі аспектілерді құрайды:

- ✓ география ғылымдары білімін тану мен сұрақтар қою, жаңа білімді меңгеру үшін жаратылыстану ғылыми құбылыстарын және жаратылыстану-ғылыми мәселесімен байланысты ғылыми дәлелді қорытындыға негізделген тұжырымдауды түсіндіру үшін, игеру және пайдалану;

- ✓ жаратылыстанудың негізгі ерекшеліктерін адамның танымы формасы ретінде түсіну;

- ✓ жаратылыстану ғылымдары және технология қоғамның материалдық, интеллектуалдық және мәдени салаға ықпал ететінінен хабардар екенін көрсету;

- ✓ жаратылыстанумен байланысты проблемаларды қарастыру кезінде белсенді азаматтық ұстанымда тұру.

Қорыта айтқанда, географиялық функционалдық сауаттылықтың маңызы заманауи әлемде өте жоғары. Ол адамдарға нақты және күрделі географиялық мәселелерді түсінуге, өңдеуге және шешуге мүмкіндік береді. Біз әртүрлі елдер және мәдениеттер арасындағы қарым-қатынастардағы артуына байланысты күнделікті өмірде көптеген глобалдық мәселелермен бетпе-бет келеміз. Географиялық сауаттылық көптеген халықаралық қақтығыстарды, саяси келіссөздерді және сауда қатынастарын түсіну үшін маңызды. Географиялық функционалдық сауаттылық адамдарды қоршаған орта мен оны сақтау туралы ойландырады. Мұның арқасында адамдар экологиялық тұрақтылықтың маңыздылығын түсіне алады және жер ресурстарын пайдалануда жауапкершілік таныта алады. Географиялық ақпаратты түсіне отырып, адамдар жеке және жұмыс орнында маңызды шешімдер қабылдауға көмектеседі, мысалы, бизнес пен инвестицияларды орналастыру, туризмді жоспарлау, табиғи апаттарға дайындық жасау және т.б. Географиялық білімді қолдану, оның ішінде ауа-райын болжау, навигация және жер қабығын зерттеу сияқты күнделікті тек қана қажеттіліктерді жеңілдетумен шектелмейді, сонымен қатар жергілікті және әлемдік мәселелерді талқылау мен шешуде де маңызды орын алады. Географиялық білім халықаралық қатынасымызды жақсартады және басқа елдермен, мәдениеттермен және қоғамдармен өзара түсіністікке жетуімізге көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Медеубаева К.Т., Садирбекова Д.Қ. «Білім сапасын арттыруда функционалдық сауаттылықтың педагогикалық маңызы» // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. № 2 (74), 2018 ж. - 23-31 б.
2. Оразахынова Н., Кенжебаева Г. М. «Оқушылардың функциональдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. - 42-47 беттер.
3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 66 б.
4. Терминологический словарь современного педагога. Памятки и методические рекомендации. – Москва, 1999.

5. Ермоленко В.А., Перченко Р.Л., Дидактические основы функциональной грамотности в современных условиях. Пособия для работников системы образования. /Рос.акад.образования. М., 1999. – 228 бет.

6. Дуйсебек А.Т. Совершенствование естественнонаучного образования в контексте современных требований //«Білім-Образование» спецвыпуск для I съезда учителей химии и биологии РК «Школьное естественнонаучное образование: общество, наука и технология XXI века». – Усть-Каменогорск, июнь 2012 г.

ӘОЖ 37

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ДЕҢГЕЙЛЕП САРАЛАП ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Алпысбаева Нұрай Мәлікқызы

nurajalpyysbaeva0@gmail.com

География педагогтерін даярлау ББ білім алушысы, Жаратылыстану ғылымдары факультеті, Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: М.Н. Мусабаева

Деңгейлеп саралап оқыту әдіснамасы 1998 оқу жылынан бастап мектептің барлық сатысына, барлық пәндерге еніп, оқу үдерісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді. Деңгейлеп саралап оқыту әдіс-тәсілі жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгеруді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылды. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында жұмыс міндетті үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Оның басты мақсаты – сынып оқушыларын «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау. Деңгейлеп-саралап оқыту әдіс-тәсілі оқушының өз қабілетіне, болашағына сенуіне, оқушыны ынталандыруға, оқушы мен мұғалімнің ынтымақтастық қарым-қатынас достығына, оқушының өз білімін өзі бағалай білуіне, баға әділдігіне, білім көрсетудің әділ сайысына мүмкіндік береді.[1]

Деңгейлеп-саралап оқытудың басты мақсатты қоғам талабына сай нәтижелі оқушы даярлауда болып отыр. Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы мынандай 4 түрге бөлінеді:

1) *Репродуктивтік деңгей* – жалпыға бірдей стандартты білім негізінде тапсырма беріледі. Мұндай тапсырмалар оқушылардың алдыңғы сабақтарда алған білімдеріне және оқушыға байланысты.

2) *Алгоритмдік деңгей* – мұнда оқушы мұғалімнің түсіндіруімен қабылдаған ақпаратты пайдалана отырып орындайды.

3) *Эвристикалық деңгей* – оқушы өзі ізденіп, қосымша әдебиеттерді қолдана отырып жауап береді.

4) *Шығармашылық деңгей* – оқушының таза өзіндік шығармашылығын байқатады. Жаңа тақырыпты оқушылар шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгереді. Деңгейлеп оқыту әр оқушының белсенділігін оятады.[2]

Осы тұрғыдан алғанда «үлгерімі төмен, баяу» оқушы жақсы оқитын оқушыға ілесе алмай жатса не істеуге болады? – деген сұрақ туады. I деңгейден аса алмай жатқан жағдайда қалған тапсырмаларды үйде орындауға беру керек. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының екінші бір жағы – оқушыларды дүниежүзілік білім жүйесінде қолданылатын рейтинг – ұпай жинау әдісіне баулу. Деңгейлік тапсырмалар рейтинг-ұпай – балл жинау әдісімен бағаланатынын ескерсек, оқушылардың деңгейлік сабақ өткеннен кейін де сол тапсырмаларда жіберген қателіктеріне, тапсырмаларын орындауда қолданған тәсілдеріне талдау жасап, қателіктері мен кемшіліктерін анықтай білуге мүмкіндік береді.